Сондықтан репрессияға ұшырағандардың осы категориясына И.Сталиннің нұсқауы бойынша Н.Ежов пен оның жандайшаптары ұлттық үлгідегі «халық жауларын» (ұлт-азаттық қозғалысының аман жүрген мүшелерін), сондай-ақ аудан және онан жоғары деңгейдегі партия, кеңес, шаруашылық қызметкерлерін енгізді. Бұған қоса И.Сталин мен оның серіктері келешекте қарсы шығуы мүмкін деген оппозиционерлерден және ауыл мен деревняның келешекте қандай да бір қарсылық көрсетеді деген әлеуметтік құрамынан да құтыла салуды ойластырды. Бұл үшін «бұрынғы кулактар» деген қарапайым анықтаманың өзі жеткілікті болатұғын.

Осылай репрессия қызып тұрған 1937 ж. алғашқы жартысында И. Сталин мен Н. Ежовтың сұрауы бойынша жер-жерден қуғын-сүргінге жататын жау элементтердің, бұрынғы кулактар мен басқа да «сенімсіз» адамдардың саны көрсетілген ұсыныстар түсе бастады. Мысалы «Мәскеудің партия басшысы Н.С. Хрущев Саяси бюроға 8500 адамды атып тастауға, ал 32 000 адамды лагерлерге айдауға» ұсыныс түсірді [4]. Бұл тек Мәскеу бойынша ғана. Біздің «Мырзажан» - ол кезде Өлкелік комитет емес, Қазақстан (большевиктері) компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Левон Исаевич Мирзоян, 12 500 адамға ұсыныс берді. Оның ішінде 2500 адамды облыстар бойынша, 10 000 адамды лагерлер бойынша атуды сұрады[5].

Ұсыныстар КСРО мен Ресей Федерациясы республикалары мен облыстарының бәрінен түсіп жатты. Бұл жағынан Н.С. Хрущев пен Л.И. Мирзоян жалғыз емес еді. Олар тек басқалардан бұрын қимылдады. 1937-1938 жж. «Үлкен террор» кезінде, Мирзоянның өзі репрессияға түсіп қалғанша, бұл әлденеше рет қайталанған болатын.

Осындай жағдайда жер-жерден түскен ұсыныстар негізінде «Бұрынғы кулактарды, қылмыскерлерді және басқа да антикеңестік элементтерді репрессиялау операциясы туралы» деген КСРО Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) 1937 ж. 31 шілдеде №00447 бұйырығы шықты. Ол бойынша жазалау операциясын өткізу үшін үштіктер құру, жаза шарасын белгілеу тапсырылды. (1 – категория бойынша – ату; 2 – категория бойынша – 8-10 жылға еңбекпен түзеу лагерлеріне айдау қарстырылды). Қазақстан бойынша бұл операция 1937 ж. 15 тамызда басталып, 2-3 ай мерзімінде аяқталуы тиіс болды.

Зерттеушілер үшін белгілі бір уақытқа дейін неліктен 1937 күзде, әсіресе қарашадан бастап, НКВД-ның облыстық басқармаларының «Үштіктері» РКФСР қылмыстық кодексінің 58-бабы бойынша жүздеген айыпталған адамдарға үкім шығарып келгені түсініксіз болатын. Тек қанқұйлы 00447 бұйрық мәтіні мен оның республикалар мен облыстар бойынша әр категорияға сәйкес репрессияланатын адамдар саны көрсетілген қосымшалары жарияланған соң ғана бәрі түсінікті болды.

НКВД-ның кейбір «аяушылық» білдірген тергеушілерінің «біз адамдарды айыптауға мәжбүрміз, себебі бізге репрессиялау жоспары берілген» - деген мойындаулары енді түсінікті бола түсті.

Кулактарға қарсы науқан басталар алдында 1937 ж. 25 шілдеде КСРО НКВД-сының неміс халқының белгілі бір контингентіне қарсы (бұйрықты жазғандар осылай депті) репрессия жүргізу туралы №00439 бұйырығы шықты. Осы сияқты №00485 бұйрық бойынша «поляк контингентіне» (тобына) қарсы операция басталды. Осындай қуғын-сүргін және жер аудару шаралары Қиыр Шығыс көрістері, күрд, ирандық және Кавказ бойындағы басқа да шекара аймақтарының тұрғындарына қарсы жүргізілді.

1937-1938 жылдардағы «Үлкен террордың» өлім машинасы мұнымен тоқтап қалған жоқ. Антикеңестік элементтерге және аз ұлттарға қарсы бағытталған қуғын-сүргін іс-қимылдарын жүзеге асырудың мерзімдері ұзартылды.

Мысалы, Ресейдің жаңа заман тарихы мемлекеттік мұрағатының «Кремль ісінде» жинақталған материалдары бойынша 1937 жылы күзде БК(б)П Новосибирск өлкелік комитетінің жетекшісі Роберт Әйхен қуғын-сүргін бойынша қосымша жоспарды сұрастырған болатын. Бір-бірінен озып түсуге талпынған Украина КСР-ның бірінші жетекшісі Н.С. Хрущев және біздің Л.И. Мирзоян 1 және 2 санаттар бойынша қуғын-сүргін үшін қосымша бақылау сандарын ұсынды. Олардың бұл ұмтылыстары толығымен қанағаттандырылды: Мәскеу Қазақстан бойынша сұрастырылып отырған 1-ші санаттағы 1925 адамның орнына 2000 адамға, 2-ші санат бойынша 3000 адамға тең жоспарды бекітті [6]. «БК(б)П ОК арнайы папкісінде» сақталынған бұл құжат 1992 жылы қарашада құпиясыздандырылды. «Аса құпиялы» грифін алу бойынша комиссияның құрамында осы жолдардың авторы да жұмыс істеді. Мұнда облыстар бойынша құрастырылған кесте түпнұсқасына түзетулер енгеніне болғандығына жіті назар аударған жөн: жасыл қарындашпен өз қолымен өзгертулерді енгізген Л.И. Мирзоян адам санын бір облыстан екінші облысқа көшіре отырып, республика бойынша ортақ баланстың шығуын қадағалады және осы жасыл қарындашпен қол қойды. Осы құжатқа ҚК(б) П ОК бюросының өзге мүшелері де қол қойған болатын. Аталған құжаттың көшірмесі 2010 жылы наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында «Құпиясыздандырылған құжаттардың» қатарында көрмеге қойылды.

Бүкіл КСРО және ішінара Қазақстан бойынша кең өріс алған жаппай саяси қуғын-сүргін адамдарды қарапайым санамен қабылданбайтын, нағыз қылмыстар үшін айыптаған толассыз жала жабу және осек тарату науқанымен қатар жүрді. Бұл жағдай әр түрлі деңгейдегі жетекші қызметкерлерге, зиялы қауым өкілдеріне айрықша қиынға соқты. Бір ғана мысал келтірейік: 1937 жылы күзде «Казхстанская правда» газеті халық ағарту комиссары Т. Жүргеновтың «До конца искоренить остатки вредительства буржуазных националистов в казахской орфографии!» атты көлемді мақаласын («Подвал») жариялап, онда 20-шы жылдардың аяғында қазақ тілін реформалауға және латын графикасын енгізуге қатынасы бар А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Ғ. Тоғжанов және басқа да зиялы қауым өкілдері әшкереленді.

1937 жылдың күзіне қарай қуғын-сүргін толық қарқынмен жүргізіле бастады. КСРО ПХК (Ішкі істер халық комиссариаты) №00447 және өзге де бұйрықтарына сәйкес қуғын-сүргінге ұшырайтын кулактар және басқа да элементтермен қатар, Қазақ КСР ПХК облыстық басқармалары азаматтардың барлық санаттарына қарсы қуғын-сүргін шараларын іс жүзіне асыруын қолға алды. Большевиктік партияның және КСРО ПХК кабинеттерінің ішінде шешілгендей, аса қауіпті тұлғаларды диверсиялық және ланкестік іс-қимылдарды жүзеге асыруға ниеттенген, «антикеңестік үгіт» сынды контрреволюциялық қылмыстарды жасаған, ұйымдастырылған антикеңестік элементтер ретінде топтастыру көзделді. Шаруашылықтың әр түрлі салаларында зиянкестік деген жала айыптаудың ең кең таралған түріне айналды. Өндірістегі кездейсоқ апаттар, өрт шығулары, темір жол вагондарының рельстен шығып қалуы, эпизоотия және малдың қырылуы, астық пен азық-түлікті сақтаудың технологиясын сақтамау және тағы да басқа, яғни кез келген кіші-

гірім олқылықтар мен немқұраушылықтар зиянкестік ретінде бағаланды. Қоғамда жаппай үрей мен шағым жазу жағдайы қалыптасты.

Мысалы, артынан танымал болған қазақ ақыны І. Жансүгіровке келесідей айып тағады: «1934 жылы мен І. Жансүгіровке Жазушылар одағының төрағасы ретінде келіп, менің ақын болғанымға 10 жыл толғандығы және осыған байланысты мерейтой шараларын ұйымдастыру қажет екендігі туралы айттым. Алайда, маған қолдау көрсетудің орнына, ол менің өлеңдерімді сынап, әдеби шеберлікті шындай түсуге кеңес берді. Міне осылай, ол қолдаудың орнына, әдебиет майданында зиянкестікпен айналысып, жастарға жол бермей жүр».

Осыған ұқсас мысалдарды көптеп келтіруге болады. Қуғын-сүргіннің қызған шағында большевиктік партияның және республика ПХК жетекші органдары Орталықтан тұтқынға алынғандардың («шкере-ленген халық жаулары») істерін ұйымдасқан антикеңестік астыртын топтар ретінде құрастыру, осыған сәйкес қоғамдық сананы қалыптастыру және сотқа материалдарды тапсыруға даярлау туралы нұсқау алған еді.

1936 жылдан бастап қуғын-сүргін шараларын іске асыруға жауапты болған ПХК облыстық басқармалардың «үштіктері» мен КСРО прокуратурасы және КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының жұмысына басты назар аударылды. Сондықтан да, сол кезде қызмет етіп отырған КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы «халық жауларына» қатысты істерді «қарауға» және олар бойынша шешім шығаруға белсенді түрде мамандырылды.

КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы көшпелі сессиясының әрбір тобы белгілі бір республика және аймақ бойынша арнайы «маманданды». Қазақстан бойынша бұл «миссия» 1937 жылдың қазан-қараша айларында-ақ қазақстандық азаматтарға үкім шығарумен айналысқан шені генерал-майор әскери атағына сай келетін дивизиялық әскери заңгер А. Горячевке және оның тобына жүктелінді. Оның «соттыларына» жергілікті партия-кеңес органдарының және әр түрлі мекемелердің қызметкерлерімен қоса, №00447 бұйрыққа сәйкес тұтқындылған адамдар да айналды. Мысалы, қазіргі кезде дүниеден озған Қарқаралы аудандық атқару комитетінің бұрынғы экономисті Қаман Мұхамедиев былай деп еске алатын: «Мені 1937 жылы тамыздың аяғында тұтқындады. Мені бір-ақ рет тергеп, ауданның ауыл шаруашылық саласындағы «зиянкестігім» үшін айыптады. ПХК Қарағанды облыстық басқармасының №047 ісі бойынша ауданнан 40 адам болдық. Екі айдан соң, бізді таңғы сағат 5-те абақтының ауласында тізіп, бізді 10 жылға соттағаны туралы әскери соттың шешімімен таныстырды. Мен кейіннен білгенімдей, осы топтың 11 адамы (негізінен колхоздардың төрағалары, мал дәрігерлік техникумның директоры, аудан көлеміндегі қызметкерлер) атылған болатын [7]». Осыған ұқсас түрде Қарағанды облысының Нұра ауданындағы істер де аяқталды. Бұл жерде осындай айып тағумен бір топта 50-ден астам адам сотталды. Мұндай жағдай жер-жерде орын алды.

Қазақстанның билік орындары және Қазақ КСР-нің ПХК сол уақытта басты айыпталушылардың құжаттары мен істерін дайындаумен айналысып, олардың құрамында Ұ. Құлмыбетов, О. Жандосов, С. Сейфуллин, А. Асылбеков және өзге де көрнекті мемлекет қайраткерлері болды. Олардың істерін даярлау

барысында: «Қазақстанда ұзақ уақыт бойы астыртын түрде жұмыс істеген ұлтшыл-фашистердің жетекшілігіндегі контрреволюцияшыл, ланкестік-диверсиялық топ анықталды. Бұл топ троцкистермен және оңшылдармен блок құрып, соғыс болған жағдайда Қазақстанды бөлу арқылы оны Жапонияның протекторатына айналдыруды көздеді. Аталған топ Т. Рысқұлов және Н. Нұрмақов басқарған Мәскеудегі жетекші орталықпен байланыста болған» [8].

Міне осындай жолмен «А. Горячевтің тізімі» өмірге келді. Бұл тізім Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, ең алдымен оның хатшысы Л.И. Мирзоянның тікелей келісімімен құрастырылды. Енді Мәскеудің бекітуіне қол жеткізу қажет еді. Осылайша, 1937 жылдың қараша-желтоқсанында-ақ тұтқындалған С. Сейфуллинді, Ұ. Құлымбетовты, М. Саматовты, С. Есқараевты және тағы басқаларды алғаш тергеуден өткізуден кейін кімді ату керек және кімді соттау қажет екендігі көрсетілген тізім жіберіледі. Бұл тізім А. Горячевке жіберіліп, ол өз тобымен 1938 жылы ақпанда-ақ Қазақстанға екінші «гастрольді» іссапарын жасайды.

1938 жылы 15 ақпанда Орал қаласына келіп, ол айыпсыз тұтқындалған 57 адамды ату жазасына кеседі. Бұл қазіргі Маңғыстау, Атырау, Қызылорда, Ақтөбе облыстарының жергілікті партия-кеңес органдарының қызметкерлері еді. Бүгінгі таңда ең жоғарғы жазаға ұшыраған адамдардың тізімі ғана белгілі. А. Горячев 2-ші санат бойынша да үкімдерді шығарғаны нақты белгілі. Бірақ, бұл мәселеге қатысты толық мәліметтер әлі күнге дейін жоқ. 1938 жылдың 19, 20 және 21 ақпанында А. Горячев Шымкентте 75 тұтқындалған адамдарды өлім жазасына кесу туралы шешім қабылдайды. Қолда бар толық емес мәліметтерге сәйкес, ол 70-тен аса адамды ұзақ мерзімдерге еңбек-түзету лагерьлеріне с оттаған болатын. 1938 жылы 25 ақпанда Алматыға келіп жеткен А. Горячев 1938 жылдың 13 наурызына дейін күн сайын 50-ге тарта, кейде одан да көп тұтқындалған адамдарды өлім жазасына кесу туралы шешімдерді қабылдап, жендеттің міндетін тиянақты орындап отырды. Бұл адамдар ұлттың элитасы, халықтың мақтанышы еді. Атылғандардың қатарында О. Жандосов, Ж. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, Ж. Шанин, Ұ. Құлымбетов, Қ. Жұбанов, Р. Сүгіров, М. Жолдыбаев және тағы басқалары болды. Ғалым-зерттеушілерге бұл тізім 1992 жылдан бері таныс болғандықтан, олардың әрқайсысына жеке тоқталып отырудың қажеттілігі жоқ. Большевиктік партияның жетекшілері жазауау іс-қимылдарын жоспарлай отырып, оларды идеология жағынан қамтамасыз етуді де алдын ала қарастырған болатын. Мысалы, 1937 жылы 1 тамызда облыстар мен ұлттық республикаларға «аудандық, партиялық, кеңес және жер органдарының құрамына өтіп кеткен халық жаулары мен зиянкестерге әрбір облыста аудандар бойынша ашық түрде үлгі болатын 2-3 процесті және колхозшыларды зиянкестікке қарсы күреске жұмылдыру мақсатында оларға қатысты болған сотты жергілікті баспасөзде кеңінен көрсетуді» ұйымдастыру туралы И. Сталиннің шифрожеделхаты жолданды.

Қазақстанда мұндай сот процестері Қарағандыда, Алматы облысының Ұржар ауданында, Солтүстік Қазақстан облысының Пресновск ауданында, Шымкент, Бірғыз қалаларында және тағы басқа жерлерде ұйымдастырылды [10]. Осы «сот процестерін» облыс, қала және аудан бойынша үлестірушісі және ұйымдастырушысы міндетін республиканың ПХК-мен бірлесіп отырып ҚП(б)К ОК және оның хатшысы Л.И. Мир-

зоян атқарды. Жалпы алғанда, 1937-1938 жылдардағы «Үлкен террор» кезінде 100 мыңнан аса адам қуғын-сүргінге ұшырап, олардың 23 мыңға жуығы атылды. Қайғылы атымен танылған дивизиялық әскери заңгер А. Горячев күндіз-түні аянбай «жұмыс істеді». 1938 жылдың күзінде ол Қазақстанға тағы да келіп, 1938 жылдың мамырынан бастап қуғын-сүргіннің екінші толқынына ілінген Л.И. Мирзоянның, О.Ж. Исаевтың және тағы басқалардың жетекшілігіндегі адамдарына жазалау шешімдерін шығарды. Л.И. Мирзоянның өзі 1939 жылы атылды.

1937-1938 жылдары жаппай қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың 30% – жұмысшылар, 40% – колхозшылар, 30% зиялы қауым өкілдері және өзге санаттағы азаматтар құрады. 1937-1938 жылдардағы «Үлкен террордың» қызыл қырғынының нәтижелері осындай.

Алайда, жаппай қуғын-сүргін мұнымен аяқтала қойған жоқ. Республиканың территориясы ГУЛАГ-тың ауқымды филиалына айналды. Ол туралы ҚАРЛАГ-тың және оның бөлімдерінің, сондай-ақ қаралы атымен әйгілі АЛЖИР әйелдер лагерінің қызмет ету тарихы айқын дәлел бола алады.

Екінші дүние жүзілік соғыстың басталуымен және КСРО-ға Балтық елдерінің, Батыс Украинаның, Батыс Белоруссияның және Бессарабияның қосылуымен осы аймақтардан кеңес режиміне жағымсыз адамдарды, соның ішінде әлеуметтік топтардың толықтай санаттарын Қазақстанға көшіру процесі өз жалғасын тапты. Ұлы Отан соғысы басталысымен Қазақстанға күштеп көшірілген халықтар мен этникалық топтардың толқыны бірнеше рет ұлғайған еді. Қазақстанды «сенімсіз» деп танылған немістер, қарашайлар, балқарлар, шешендер, ингуштар, қалмақтар, күрдтер, түріктер, гректер, болгарлар, қырым татарлары және тағы басқалар паналады. Соғысқа дейінгі жылдардан бастап 40-шы жылдардың аяғына дейін Қазақстанға күшпен көшірілген халықтың саны 1 млн 200 мың адамнан асып түсті.

Соғыс жылдары ПХК органдары 1937-1938 жылдардағы материалдардың негізінде «Ұлтшылдар» атауына ие болған істі қолға алады. Ол бойынша кеңестік режимге жағымсыз санатқа 500-ге жуық адам, соның ішінде Қазақ КСР-нің жоғарғы жетекші қызметкерлерінің тобы кіргізілді. Тек қосымша өткізілген тексерістен кейін ғана оларға төңген қауіптің беті қайтты. Соған қарамастан, 11 адам сотталып, олардың ішінен 3 адам өлім жазасына кесілді.

Соғыстан кейінгі жылдары да қуғын-сүргін шаралары өз жалғасын тапты. Ұлттық мәдениет және оның таптық тағзылы туралы дискуссиялар, Кеңесары Қасымов қозғалысы және тағы да басқа мәселелер бойынша өрбіген пікірталастар қуғын-сүргінмен, ұлттық ғылым мен мәдениет өкілдерін қуғындаумен аяқталды. Мысалы, 50-ші жылдардың басында ұзақ мерзімдерге тарихшылар Б. Сүлейменов, Е. Бекмаханов, әдебиетшілер К. Мұхаметханов, Е. Исмаилов және тағы басқалар негізсіз сотталды. Тек И. Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана елдегі жағдай өзгеріп, олар бостандыққа шыққан болатын.

Қазіргі таңда 30-50-ші жылдардағы қасірет туралы көптеген әдеби шығармалар, зерттеулер жазылып, құжаттық және көркем фильмдер түсірілді. Бұл қайғылы тақырыпқа суретшілер де тұрақты түрде жүгініп отыр, ол туралы осы жинақ дәлел болады.

ҚР ОММ. 1179-қ., 1-т., 15-іс, 25-42 пп.; ГАРФ.Ф. 8489., оп. 14, д. 19с, л. 44 және т.б.

Толығырақ қараңыз: Алдажұманов Кайдар. Крестьянское движение сопротивления. // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы, Арыс. С. 66-93.

Қараңыз: Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожин Ж.Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. Алматы, ТӘИ. 1992, 29-35 б.

Иорг Баберовски. Красный террор. История сталинизма. М., РОССПЭН. 2007. С. 178-179.

РГАНИ. Ф.89, оп.48, д.10, л.1; Д.12, л.2 и др.; Сталин: расстрельные списки. 1937-1938. Алматы. Алаш – Адилет. 2010.82 с.

ҚРПМ. Ф. 141, оп.1, д.53, л. 12.

Қ. Мұхамедиевтің естеліктерін автор жазып алған.

ҚР ҰҚК арнайы мұрағатының материалдары.

РГАНИ.Ф. 89, оп. 48, д.12, л.1-2.

Алдажұманов Қ.С. Открытые «судебные процессы» 1937 года в Казахстане. // Материалы Круглых столов и семинаров. ИИЭ – Адилет. Алматы, 1996. с. 53-61.

ТИМУР НУСИМБЕКОВ

ЖОҚТАУ

TIMUR NUSIMBEKOV

ZHOKTAU

Дүниежүзі тарихындағы ең үлкен тоталитарлық империя КСРО аумағында қуғын-сүргіннің ұсқынсыз толқындары бірнеше онжылдықтар ішінде бірнеше мәрте болып өтті. Бұл- Кеңестер Елі құрамындағы халықтардың өмірдеректеріндегі үрейлі күндері ғана емес, барлық адамзат тарихының қатігездік беттері.

Концлагерьлер мен советтік түрмелердегі адамдарды қорлау, ізіне түсу, мүлдем құртып жіберу – географиясы мен көлемі жағынан адамның төбе шашын тік тұрғызар Холокостада болған сұмдықтардан кем емес. ПХК-ҚОТБ-ТК-тің жазалау және тергеу бөлімшелерінің іс-әрекеттері Гестапо, Айнацгрупп ТД, СС бөлімшелері, хунвейбиндер, қызыл кхмерлер және латиноамерикандық «олім эскадронының» бастамашысы іспеттес болды. Геббельс, Гиммлер, Мао, Пол Пот өздерінің аға әріптестері - Держинский, Ежов және Берияның тәжірибелерін мұқият зерттеп, өз әрекеттерінде қолданды.

Большевиктер үшін Қазақстан территориясы халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуда «сынақ өткізу» үшін маңызды кеңістік болды. Коллективтендіру, «Октябрь жетікстіктері», «төңкеріске қарсы элементтермен» күрес сынды сынақтардан кейін, миллиондаған адамдардың өміріне балта шабылып, қазақ жері қанға бөкті.

1920-1930 жылдары большевиктер ұйымдастырған аштық қазақ этносының едәуір бір бөлігін құртып жіберді. ПХК-ның арнайы полигонында, Москваның Лубянка жертөлесінде және Держинский көшесінде орналасқан ПХК-ның Алматы басқармасында ауыр азап пен қинаулардан кейін қазақтың ұлт зиялылары – Байтұрсынов, Жансүгіров, Бөкейханов, Жұмабаев және т.б. мыңдаған ғалымдар мен педагогтар, суретшілер, ақындар атылды.

Халықсыз, елсіз қаңырап қалған Қазақстанның мыңдаған шаршы метрлік кеңістігіне концлагерьлер, арнайы қоныстар, полигондар салынып, түрме торы құрылды. Осы торға миллиондаған адамдар - «кулактар», 58-ші бап бойынша «тұтқындар», «арнайы қоныс аударылғандар», діншілдер, жер аударылған этностар, қала және дала ақсүйектері қамалды. Қуғын-сүргінге қатысты куәлар өмірден өтіп, куәға тартар құжаттардың маңызды бөлігі жоғалып қалды. Алайда бұл қасіретті түсініп, ой елегінен өткізуімізге мүмкіндігіміз бар. Бұл қасірет біздің мінез-құлқымызға, ойлауымызға және жүріс-тұрысымызға әлі де болса әсер етуде. Иә, әлі де болса мүмкіндігіміз бар. Москва, Қарағанды, Алматының арнайы мұрағаттарында көркем, шешен сөзбен жазылған, аттары, цифрлары көрсетілген, көму карталары бар тергеу істері, лагерьдің құжаттары шаңға көміліп жатыр. Қыпшақ жерінде 1930-шы жылы

аштық төңкерілісі кезінде Буденныйдың атты әскері қырып салған қыр адамдарының сүйегінің жатқан жерін тауып алуға болады. Әлі де болса Долинканың түбіндегі қарлағ балалары көмілген зираттардан кішкентай крестер мен аттары жазылған тақтайшаларды көруге болады. Әлі де болса Чижевский, Тынышпаев, Гумилев, Эйфрет, Солженицын және жүздеген мың аты-жөндері бейтаныс адамдар отырған жердің тікенекті сымтемірлері мен қоршау діңгектеріне, шеттеу сызығының үзінділеріне тап боласың. Әлі де болса Спасск, Балқаш, Кеңгір, Жаңалық, Жезді, Қарабас және ондаған басқа жерлерден ГУЛАГ-тың қанды қолына ілігіп қаза болған, атылған адамдардың сүйектері лақырылып тасталған траншеялардың жиектерін көруге болады.

Көптеген жылдар бойы айтылмай келгендігіне қарамастан бұл қасірет біздің санамызда қасірет-нама, жоқтау ретінде қалады.

Жоқтау – бұл Ұлы дала төсінде қайтыс болғандарды соңғы сапарға шығарып салу кезінде айтылатын өлеңнің сөзі мен әуені емес. Жоқтау – тірі адамдардың естеріне алып отыратын даланың memento-mori

Бұл қасіреттің көз жасы Гинзбург пен Шоқайдың, Солженицын мен Шаламовтың жеке куәліктерінен естіледі. Бұл зар жылау, жоқтаудың ырғақтары Эйфрет пен Стерлиговтың кенеп беттерінде қатып қалғандай. Бұл зар қағу Тынышпаев пен Ходжиковтың кинокадрларында жасырынып тұр. Бұл зарлау, жоқтау Мағжан Жұмабаев, Анна Ахматова, Осип Мандельштам және Илияс Жансүгіровтердің өлең жолдары мен шумақтарында ашық және жасырын жазылған. Олар жүректеріндегі ауыр жараны, қорлықпен өткен өмірлерін және бас бостандықтарынан айырылулары өнерлерімен қалам, қарындаштарының қозғалысы арқылы білдірді. Бұл - суретшінің көрген қорлығын бейнелеп жеткізуге тырысуы. Ең бастысы және маңыздысы – мәсседжа. Мәсседжа – бұл махаббатыңды адресатқа көрсете және жеткізе білу. Мейлі ол тікенек сымтемірдің арғы жағында қамауда немесе атылған бөлмедегі махаббат болсын. Бұл жолдаудың адресаттары- замандастары және келер ұрпақ. Махббат – ол азап шегу мен аурудан тұратын сансыз молекулалар топталған атом. Ол атомды ГУЛАГ тұтқындарының хаттарынан, куәліктерінен, өлеңдерінен, салған суреттерінен микроскопсыз көре алмайсыз.

Мүмкін, уақытқа қарамастан, ұмытуға, өтірікке қарамастан, үндемей, тіл қатпауға қарамастан, өшіріп тастап, немқұрайлылық көрсетуге қарамастан жоқтаудың дауысы мен әуені өз адресатының жүрегінен орын алар.

For decades, heavy and dark waves of repression repeatedly washed over the territory of the USSR, the most formidable totalitarian empire in the history of the world. This is one of the worst pages in the biography not only of the peoples who inhabited the Land of the Soviets, but in the history of mankind.

The repression launched by the Bolsheviks exceeded in its magnitude even the darkest pages of Herodotus and Homer. The horrors of the Soviet "Great Terror" in their scope are comparable only to the tragedies recorded in the Bible: the deportation of entire nations repeated the horrors of "Babylonian captivity", Lenin and Stalin in their inhumanity surpassed the excesses of King Herod and the Emperor Nero, and the concentration camps Sevlag, Karlag and Steplag remind people of the resistance and suffering and fate of the Old Testament martyrs. The geography and scale of the humiliation, harassment and destruction of mankind in Soviet prisons and concentration camps yield nothing to the horrors of the Holocaust. Punitive and investigative units of the CH-OGPU-NKVD (predecessor of the KGB), became the forerunners of the Gestapo, Einsatzgruppen, SS units, the Red Khmer, and Latin American «death squads». Goebbels, Himler, Mao, and Pol Pot carefully studied and implemented the experience of their elder colleagues – Dzerzhinsky, Yezhov and Beria. For the Bolsheviks, the territory of Kazakhstan became one of the key territories for large-scale repression «experiments». Collectivization and the implementation of «the Achievements of October» campaign, the fight against «counter – revolutionaries». These «experiments» left the Kazakh land soaked with the sweat and blood of millions of human lives.

Famines, deliberately orchestrated by the Bolsheviks in the 1920s and 1930s, destroyed much of the Kazakh ethnoscience. In special NKVD complexes, in the basement of Moscow's infamous Lubyanka prison and the Almaty NKVD headquarters on Dzerzhinsky street, the Kazakh nation's intelligentsia – Baitursynov, Dzhanisugurov, Bokeyhanov, Zhumabayev and thousands upon thousands of scientists, educators, artists and poets were tortured and summarily shot. An extensive network of prisons, graves, special settlements and camps was erected across the deserted expanse of thousands of kilometers of Kazakhstan. Millions of people were processed through this network, both Soviet and foreign citizens – «kulaks», prisoners of Article 58¹ «special immigrants», the clergy, deported ethnic groups, urban and steppe aristocracy.

Despite the immense scale of the repression, which destroyed and maimed millions of human lives, much of modern society remains unaware of this tragedy. The repression impacted each individual and family born in the Soviet Union. But unlike the victims of Dachau, Auschwitz, and Katyn, the prisoners of the Karlag, Steplag, and Sevlag have been hidden under a dense fog of oblivion. Their biographies and the histories of their lives and deaths are still stamped with secrecy, indifference, and neglect. One of the later prisoners of the system, the poet Joseph Brodsky, left eloquent lines that describe the Soviet empire thus: as "the most unjust country in the world. Ruled by creatures that, by any human standard, should have been recognized as degenerates. This, unfortunately, did not happen." The oblivion and destruction of memory, which Stalin and his comrades sought and implemented, still reigns on one sixth of the Earth's landmass.

Most of the most important witnesses and evidence concerning the repression has been lost. However, there still remains a chance to reflect upon the tragedy. This is a tragedy that, for years to come, will continue to affect our character, thinking and behavior. Yes, there is still a chance. To this day, tons of research - documentation, firsthand testimonials, maps of burial sites, numbers, names and narratives - sits, gathering dust, in the closed archives in Moscow, Karaganda and Almaty. It is still possible to find spots in the Kipchak land holding the bones of rebels, hacked to death by Budenov's cavalry during the food riots of the 1930's. To this day, little, rusty crosses and markers dot the region near Dolinka, the only memorial for the Karlag children buried there. You can still stumble upon fragments of paths and fence posts and rolls of barbed wire, behind which languished Chizhevsky, Tynyshpaev, Gumilev, Eifert, Sozhenitsyn, and hundreds of thousands of people with less well-known names. You can still see the contour of the trenches, where bodies of those shot or worked to death were dumped unceremoniously in towns like Spassky, Balkhash, Kengir, Zhanalyk, Dzhezdy, Karabas, and a dozen other places, caught in the tentacles of the Gulag.

This tragedy is still being hushed up, intentionally by some, unwittingly by others. But in spite of this long-standing state of affairs, this tragedy will remind us of its existence, like a requiem, a cry, a zhoktau. Zhoktau is not simply the words and the music that accompany the mourning for those who perished on the Great Steppe. Zhoktau – it is a steppe memento mori, a reminder to the living.

The howl of this tragedy is heard in the testimonies of Ginsburg and Shokai, Solzhenitsyn and Shamalova. This howl, the rhythms of the Zhoktau are frozen in the paintings, where the brushes of Eifert and Sterligova danced. This hysterical cry is hidden in the film frames of Tynyshpaev and Khodzhikov. This cry, the melody of this zhoktau, is heard openly or muffled in the stanzas and among the poems of Magzhan Zhumabayev, Anna Akhmatova, Osip Mendelstan and Ilyas Dzhanisugurov.

In the movements of the pen, brush and pencil, they have encoded their pain, their despair, their freedom, and their trampled and ruined lives. This is the artist's attempt to capture and convey the message of his lived pain. But the most important point of this work is an attempt to express and convey a message of love. Love, even if locked behind barbed wire concentration camps or in an execution chamber. This message was addressed to intimate contemporaries and future descendants. Love is an atom around which countless molecules of suffering and pain revolve. And this atom can be seen without a microscope in the letters, testimonies, poems, and paintings of Gulag prisoners. Perhaps one day, in spite of the time passed, despite the fog of forgetfulness and lies, despite campaigns of silencing, security classifications and indifference, the voice and music of this zhoktau will penetrate and resound in the hearts of its intended recipients.

АЖАР ЖАНДОСОВА ЖОБА ТУРАЛЫ

Ілияс Жансүгіровтің Қоғамдық қорының «1937: Еске алу алаңы. Жоқтау» арт-жобасының бастаушысы және бірлесе ұйыдастырушысы болуы кездейсоқ емес. Қор он жылдан астам уақыт бойы өткен ғасырдың 20-30 жылдары елімізде социализм құрылысын қалыптастыруға белсене ат салысқан, қазақтың ұлы ақынының шығармаларын жартыға шығарумен айналысады. Ілияс Жансүгіров – атқарған істерінің халық игілігі үшін жасалып жатқандығына еш шүбәсіз сенген, талантты, білімдер саңлақтарының, сол заманның жарқын да, жаңа зиялы таңдаулы тобының өкілі.

Алайда олардың таланттары толық ашылмай қалды, қуғын-сүргін машинасы олардың өмірлерін үзді. Ақан сері мен оның жорғасы Құлагер туралы жазған «Құлагер» поэмасында Ілияс еліміздің біртуар ұлдарының қасіретті тағдыры жайында айтқан еді. «Құлагер» 1936 жылы жазылған болатын, ал 37 жылы Ілияс тұтқынға алынып, 38-жылы атылды ... Арт-жобадағы біз үшін маңызды нәрсе – тарихтың осынау қасіретті беттері жайындағы тақырыпты суретшілердің қабылдауы арқылы көпшілік қауымның, жастардың есіне тағы бір рет салу.

Көрмеге танымал заманауи суретшілер: Трякин-Бухаров, Сәуле Сүлейменова, Қанат Базарғалиев, Шоқан Төлеш, Зитта Сұлтанбаева, Рашид Нүрекеев, Ғалым Мадановтың дайын шығармалары және Асқара Есдәулет, Әсел Қадырханова, Әсел Жабасова, Дастан Бисен, Бота Төлеш, Лена Позднякова, Ғалым Қайралапов, Қайрат Темірғалиев, Тимур Нүсімбаевтің және фотосуретшілер Александр Угай, Валера Калиев, Дарья Комлеваның көрмеге арнайы дайындаған шығармалары таңдалып алынды.

Мұндағы жұмыстарда 1937-38 жылдары болған жағдайлар көптеген қырынан көрінеді: жаппай тұтқынға алу, зиялы қауымның қасіреті, кәріс халқының жер аударылуы, құпия өсек тасушылық және сол жылдардағы үрей атмосферасы, Гулаг тақырыбы, «халық жауларының» отбасы мүшелерінің тағдыры. Көрмеге қойылған барлық жұмыстарда авторлардың осы тақырыпқа деген көзқарастары айқын көрінеді. Көптеген суретшілер жұмыстарында өз бастарынан кешкен оқиғаларды негізге алады. Жобаны дайындау кезінде, авторлар мұрағатпен, туған-туыстарының естеліктерімен, осы тақырыпты зерттеген ғалымдармен, көркем әдебиетпен, көпшілікке арналған шығармалармен және фото, видео материалдарымен, документальды фильмдермен жұмыс істеді. Авторлар тобы Қарағанды (Мемлағ нысандарына) және Алматы облыстарына (Жаңалық қорғандарына) барды. Сапар нәтижесінде Тимур Нүсімбаев, Қайрат Темірғалиев, Нарғыз Шүкеновалар документальды фильм түсірді. Фо-

тосуретші Валера Қалиевтің жұмысында жер аударылған адамдардың суреттері ғана емес, сонымен бірге сол үрейлі жылдар туралы аудиожазбалар мен естеліктер де қойылды.

Көрменің маңызды экспонаттарының бірі деп «1937: Еске алу алаңы. Жоқтау» арт-жобасының фотоальбом-каталогын атауға болады. Каталогта көрмеге қойылған суретшілердің жұмыстары ғана емес, сонымен қатар ақпараттық бөлім де бар. Мемлағ туралы көптеген кітаптардың авторы, энтузиаст-зерттеуші Екетарина Кузнецованың жалпылама тарихи мақаласы және жоба үшін арнайы жазылған Қайдар Алдажұмановтың мақалалары бір-бірін толықтырады. Каталогтың ақпараттық бөлімінде мұрағат құжаттары, фотосуреттер, қуғын-сүргін құрбандарының жанұя мүшелерінің естеліктері жазылған. Иллюстрациялардың көпшілігі Рязань қаласының фотосуретшісі Николай Середаның «Алжир гүлдерінен» («Мемориал» қоғамдық жобасы) алынған.

Каталогтың жеке бір бөлімі қуғын-сүргін заманында Қазақстанда болып, оны екінші Отаным деп санаған суретшілердің шығармашылығына арналған. Олардың қатарына Леонид Брюммер, Владимир Стерлигов, Всеволод Теляковский, Абрам Черкасский, Владимир Эйферт және Қазақстанның кәсіби бейнелеу өнері тарихында аттары жазылған тағы басқа шеберлер де бар. Мұнда Мемлағта болған ұлттық бейнелеу өнерінің негізін қалаушы Қожа-Ахмет Ходжиковтың шығармасы да қойылған. Сөйтіп, сол заманның адамдары мен бүгінгі жас суретшілер арасында ерекше бір байланыс орнағандай болады. Жобамен жұмыс істеу кезінде бізге көптеген ұйымдармен және адамдармен қарым-қатынас орнатуға тура келді.

Бір топ авторлар Қарағанды облысына барып, жоба үшін арнайы фильм және фотосуреттерін түсірді. Материалдардың бір бөлігі көрмеге қойылып, осы каталогқа кірді.

Біз адамдардың көрмеге келуін, Еске алу кітабына пікірлерін жазып қалдыруын, Еске алу кілемінің жібінен өз қолдарымен тартып, тағдыр тәлкегіне ұшырағандардың ауыр қасіреттен арылуына ортақтасуын қалаймыз.

Арт-жобаны бірлесе ұйымдастырған Nedelka Project, Тимур Нүсімбаев, Әсел Есжанова, жоба кураторы Нарғыз Шүкенова, дизайнер Айгерім Ідрісоваға ерекше алғыс білдіреміз.

Біздің жобаны қолдаған мемлекеттік ұйымдарға, мекемелерге, демеушілерге, волонтерлерге, қатысуға ниет білдіріп өтініш жібергендерге, ғалымдар мен зерттеушілерге, журналистерге және блогерлерге, сазгерлер мен музыканттарға және осы тақырыпқа немқұрайлы қарамаған барлық адамдарға шексіз алғысымызды білдіреміз.

AZHAR JANDOSSOVA

ABOUT THE PROJECT

It is not by chance that the Ilyas Dzhansugurov Public Foundation became the initiator and co-organizer of the art project "1937: The territory of memory | Zhoktau." For more than 10 years, the Foundation has been publishing the works of the great Kazakh poet, whose creative life spanned the 1920s and '30s - years of the "active construction" of socialism in the country. Ilyas Dzhansugurov was a brilliant example of the new elite intelligentsia of the time, part of a talented, educated people who firmly believed that their work in different fields was for the good of the people. However, their talent was not fated to be fully recognized, as the Terror took their lives away. In Ilyas' poem "Kulager" he tells the story of Achan-Serre and his steed Kulager, and, in doing so, predicted the tragic fate of the best sons of the country. "Kulager" was written in 1936; at age 37 Ilyas was arrested, and 38 - shot ...

This art project was important for us in order to remind the general public and youth of this tragic page of our history through the works and interpretation of artists. The finished work of accomplished contemporary artists Tryakin-Bukharov, Saule Suleimenova, Kanat Bazargaliev, Shokan Tolesh, Zitta Sultanbaeva, Rashida Nurekeeva, and Galym Madanov have been selected for the exhibition. Also on display is work especially completed for this exhibition by Askar Esdaulet, Assel Kadyrkhanova, Assel Dzhabasova, Dastan Bisen, Bota Tolesh, Lena Pozdnyakova, Galym Kayralapov, Kairat Temirgaliev, Timur Nusimbekov and photographers Alexander Ugai, Valera Kaliyev, Daria Komleva.

The works illustrate many aspects of the events of 1937-38: mass arrests, the tragedy of the intelligentsia, the deportation of Koreans (the entire nation), the atmosphere of fear and denunciation of those years, the theme of the Gulag, and the fate of people from "enemies of the people" families. In all of the works you can clearly feel the author's concern for the subject, reflecting the fact that many of the artists performed their works based on personal stories.

During the preparation of the project, the authors worked with the archives and memories of relatives, scholars and researchers, fiction and journalism, photo-video documents, and documentaries. A group of artists have visited Karaganda (the location of the Gulag labor camps), and a region in Almaty (the location of the Zhanalyk mass grave). Timur Nusimbekov, Kairat Temirgali, and Nargis Shukenova produced a documentary film as a result of research conducted at these locations. The works of photographer Valera Kaliyev depict images of the deported people, and also audio recordings of their account of those terrible years. The album-catalog of the art-project "1937: The territory of Memory

| Zhoktau" is considered one of the more notable exhibits. The catalog contains the work of artists from the exhibition, as well as information on the subject. Summarized historical articles of Ekaterina Kuznetsova (an enthusiast, researcher, and author of many books on the history of the Gulag) and Kaydar Aldazhumanov (a historian) have been specifically written for the project to complement one another. An information section includes copies of archival documents, photographs, and written memories of the family members of the repressed. Most of the illustrations have been taken from the "Flowers of Algeria" project (a part of the social project "Memorial") created by photographer Nikolay Sereda, a wonderful man from the city of Ryazan.

A separate section of the catalog presents the work of artists who, during the years of repression, have appeared in Kazakhstan - a country that became their second home. These artists include Leonid Brummer, Vladimir Sterligov, Vsevolod Telyakovskiy, Abram Cherkasskiy, Vladimir Eifert and others, whose names are inscribed in the history of professional fine art of Kazakhstan. It also presents one of the founders of national fine art, Khodzha-Akhmed Khodzhi-kov, who also lived through the Gulag. This creates a dialogue between people of that era and young artists of today.

Our huge thanks to all who supported our Project: state institutions, organizations, sponsors, volunteers, to all those who sent requests to participate, researchers and journalists and bloggers, composers and musicians, and many others whom this issue has not left unconcerned.

Special gratitude is expressed to our partners – co-organizers of The Nedelka Art Project: Timur Nusimbekov and Assel Eszhanova, to the curator of the project Nargis Shukenova, Natalya Pak and designer Ajgerim Idrissova.

We really want people to come to the exhibition, leave their impressions in the Book of Remembrance, extend with their hand a thread in the carpet of memory, and re-recognize their complicity in freeing every fate that has suffered from ultimate oblivion.

БАҚЫТ СЕРАЛИЕВ

Музейдің басты міндеті – мәдени жадыларды сақтау. Осыған байланысты ҚР Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер музейі өткен кезеңдердегі тарихи оқиғаларға жүгінген кез келген бастамаларды қызу қолдайды. Біз Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінге арналған «1937: Жады аймағы. Жоқтау» арт-жобасының идеясын шын көңілден қолдадық. Осы көрменің астарында заманауи өнер тілі арқылы бірнеше ұрпақтың тағдырына әсер еткен осы бір қасіретті құбылыстың мәнін беруге болатын болды. Жобаның бастамашысы Ілияс Жансүгіров атындағы Қоғамдық қоры мен “Nedelka Project”. Бұл көркемдік шара өнер арқылы өткен мен бүгін туралы ой толғап, адамдар мен тағдырларды есте ұстауға шақырады.

ВАНУТ SERALIEV

Above all, the main mission of the museum is the preservation of cultural memory. In that regard the Kasteyev State Museum of Arts welcomes and supports any initiative addressed to historical events of our past. We have readily supported the idea of "1937: The territory of memory | Zhoktau", an art project dedicated to political repressions in Kazakhstan. In this exhibition an understanding of this tragic phenomenon and its effect on the lives of several generations is made possible through the language of contemporary art. The project was initiated by the Ilyas Jansugurov Public Foundation and "The Nedelka Project". This event is designed to preserve the memory and lives of people from a bygone time, by contemplating the relationship between past and present through art.

АНТОН АРТЕМЬЕВ

«Саяси қуғын-сүргін кездерінде адам құқықтарын бұзудың жан түршігерлік түрлерін байқадық. Осындай қиын - қыстау күндерде ұлт өзінің біртуар, зиялы ұл-қыздарын жоғалтады. Ондаған мың адамдар тағдыр тәлкегіне ұшырап, балалар ата-аналарынсыз қалды. Өткен уақиғаларға баға беруге мүмкін болған бүгінгі күн биігінен айтарымыз, өткен уақиғаларды, саяси қуғын-сүргін құрбандарын біз ешқашан есімізден шығармаймыз. Ол біздің адамзаттық және азаматтық парызымыз».

ANTON ARTEMYEV

In an era of political repression we witnessed blatant violations of human rights. In those difficult years, the nation lost its brightest people, the intelligentsia. Thousands of lives ruined, and children left without parents. Now that we have an opportunity to evaluate the events of the past, it is clear that it's our humane and civil duty to preserve the memory of past events and people who became victims of political repression.

БИБЛИОГРАФИЯ

Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг, сборник документов, Архив Президента Республики Казахстан, Алматы, «Казахстан», 1998

И. Жансугуров: Документы, письма, дневники (1920-1964 гг.); Управление архивами и документацией Алматинской области, Государственный архив Алматинской области, Алматы, «Уш киян», 2006

Страницы трагических судеб: Сб. Воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920-1950-е гг., КИПО «Адилет», Архив Президента Республики Казахстан, Алматы: Жетпі жарғы, 2002

Фатима: Дневники, воспоминания, стихи, статьи, интервью; составитель М. Жанузакова, Алматы, «Жибек Жолы», 2010

Книга скорби. Захоронение «Жаналык». Мартиролог. , КИПО «Адилет», Алматы, «Арыс», 2011

«Крутой маршрут: Хроника времен культа личности», Е. Гинзбург, автобиографический роман , Москва: Советский писатель, 1990



ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД ИЛЬЯСА ДЖАНСУГУРОВА И NEDELKA PROJECT ОТ ИМЕНИ ОРГАНИЗАТОРОВ И АВТОРОВ ПРОЕКТА ВЫРАЖАЮТ ИСКРЕННЮЮ И ГЛУБОКУЮ ПРИЗНАТЕЛЬНОСТЬ:

Фонду «Сорос-Казахстан» за поддержку идеи проекта, а также за финансовую помощь.

Благодаря Вашему содействию этот проект получил дальнейшее развитие и был претворен в жизнь;

Государственный музей искусств им. Кастеева;

Казахстанское историко-просветительское общество «Адилет»;

Международное историко-просветительское, благотворительное и правозащитное общество «Мемориал» (Россия);

Акимат г. Алматы, Управление внутренней политики Акимата г. Алматы за информационную поддержку проекта;

Компаниям «Астана-Моторс» и Raimbek Group за поддержку и финансовую помощь;

Студию Cinematone за содействие в производстве видео-фильма;

Камерный ансамбль «Камерата Казахстана»;

Киносеть «Арман»;

Компанию Media Link за информационную поддержку;

Команду Studio #29;

Военнослужащих и командование Центрального военного округа РК за помощь в реализации съемок в Спасске, Карагандинская область.

За помощь в предоставлении архивных материалов мы благодарим: Центральный государственный архив РК в лице Актаевой Ляззат Сулейменовны; Архив Президента Республики Казахстан и лично Дегитаеву Людмилу Даулетовну и Елену Грибанову; Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей Республики Казахстан и лично Сеитову Аллу Федоровну; Музей истории г. Алматы и лично Назиру Жақауову; Карагандинский Университет Болашак; Дулатбекова Нурлана Орынбасаровича, ответственного секретаря областного маслихата Караганды; Жумадилову Нуршат Толеугалиевну.

Благодарность администрации музейно-мемориального комплекса жертв политических репрессий и тоталитаризма "АЛЖИР" и лично Жунисбекову Болату Жунисбековичу; государственному архиву Карагандинской области и лично Турсыновой Жанагул Жарековне; Музею памяти жертв политических репрессий п.Долинка; Темиртаускому историко-краеведческому музею и лично Скориковой Наталье Дмитриевне.

ВЫРАЖАЕМ ПЕРСОНАЛЬНУЮ БЛАГОДАРНОСТЬ ЛЮДЯМ ОКАЗАВШИМ ПОМОЩЬ И СОДЕЙСТВИЕ В РЕАЛИЗАЦИИ ПРОЕКТА:

Артемьеву Антону, Председателю правления Фонда «Сорос–Казахстан» за живое участие в подготовке арт-проекта;

Сералиеву Бахыту Искаковичу, директору Государственного музея искусств им. Кастеева и ответственным сотрудникам музея **Анжелике Акилбековой**, **Екатерине Резниковой** за помощь в организации выставки;

Середе Николаю Владимировичу за предоставленную возможность использования своих фоторабот в проекте;

Особую признательность выражаем **Кузнецовой Екатерине Борисовне** за консультации, участие и активное содействие в полевых выездах и работе над архивными материалами в Караганде и Карагандинской области;

БЛАГОДАРИМ:

Композитора **Куата Шильдебаева** за прекрасную музыку, сопровождающую выставку;

Гаухар Мурзабекову, руководителя «Камерата Казахстана» за участие в открытии выставки;

Фадееву Светлану Яковлевну, общество «Мемориал»;

Ауэзова Ербулата Кудряновича, Управление внутренней политики Акимата г. Алматы за поддержку проекта;

Смагулова Нурлана Еркебулановича за неоценимую помощь и содействие в реализации проекта;

Баталова Раимбека Анваровича за искреннюю поддержку проекта;

Гульжихан Касымжанову за предоставленный видеоматериал;

Тимура Актаева за изготовление Книги Памяти;

Владимиру Филатову, галерея Тэнгри-Умай за помощь в подборе работ для экспозиции;

Дэвида Исао Хоффмана за неоценимую помощь в переводе материалов;

Генерал-майора Вооруженных сил РК **С.Б. Камалетдинова** и подполковника Вооруженных сил РК **Е.Н. Оскенбекова** за помощь в съемках в Спасске, Карагандинская область;

подполковника МВД РК **Сахатова Н.Т.** за содействие в съемках в Карабасе, Карагандинская область;

Машанову Асель, компания «Астана-Моторс» за живое участие в подготовке проекта;

Шукенова Бауржана Камаловича, киносеть «Арман» за поддержку с первых дней проекта;

Валерию Босенок;

Кайдара Сейсембиевича Алдажуманова, КИПО «Адилет» за написание статьи для каталога;

Чокана Нукушева, группа Buhar Jergreau;

Илью Бисерова и его команду за активное содействие в работе над видео-фильмом;

Адиля Нурмакова, blogbasta.kz;

Данияра Сулейменова, Studio #29 за помощь в организации мероприятия.

КУРАТОРЫ И АВТОРЫ ПРОЕКТА БЛАГОДАРЯТ ВСЕХ, КТО СЧЕЛ ВОЗМОЖНЫМ ПОДДЕРЖАТЬ АРТ-ПРОЕКТ «1937:ТЕРРИТОРИЯ ПАМЯТИ | ЖОКТАУ».

Информация о проекте будет размещена на сайте www.1937-history.kz

